

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

20 20 ж. 25 ш. 11 ЖҮРГІЗІЛДІ

Б.Т.Н. 201140029530



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
бекешелендіру комитеті
Төрағасының
С.Д. қараша
2020 жылғы _____
№ 729 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**«TURAR HEALTHCARE»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Turar Healthcare» коммерциялық емес акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, құқықтық мәртебесін, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, Қоғамның құқықтары мен міндеттерін, оның қызметін қайта ұйымдастыру мен тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

- 1) қазақ тілінде: «Turar Healthcare» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество «Turar Healthcare»;
- 3) ағылшын тілінде: «Turar Healthcare» non-profit Joint Stock Company

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) қазақ тілінде - «Turar Healthcare» КеАҚ;
- 2) орыс тілінде - НАО «Turar Healthcare»;
- 3) ағылшын тілінде - «Turar Healthcare» NPJSC.

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 3 ғимарат.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Turar Healthcare» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 723 қаулысына сәйкес құрылды.

6. Қоғам Денсаулық сақтау саласындағы инвестициялық жобаларды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру бойынша денсаулық сақтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалады.

7. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (Жалғыз акционер) жүзеге асырады.

8. Қоғам негізгі мақсаты табыс табу болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

9. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңын (бұдан әрі - АҚ туралы Заң), «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Заңын, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны,

Жаншар

Қоғамның ішкі құжаттарын, Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерін басшылыққа алады.

Реттеу тәртібі осы Жарғыда, Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерімен айқындалмаған мәселелер Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге жатады.

10. Қоғамның мөрі, банктік шоттары, дербес балансы бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттер атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

11. Қоғамның өз тауар таңбасы мен өзге де нышандары болуы мүмкін, олардың үлгілерін Қоғам Басқармасы бекітеді және заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеледі, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңға сәйкес тілдерде мөртабандар, өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті фирмалық бланкілер және басқа да деректемелер.

12. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

13. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады.

14. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

3. Қоғам мүлкі

15. Қоғамның мүлкі:

- 1) Жалғыз акционермен Қоғам акцияларын төлеуге берілген мүлік;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен қалыптасады.

16. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен және Жалғыз акционер Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін белгіленген тәртіппен бекіткеннен кейін) қоғамның иелігінде қалады және қоғамның дамуына жіберіледі.

Жалғыз

4. Қоғамның мақсаттары, қызмет түрлері және функциялары

19. Қоғам қызметінің мақсаты денсаулық сақтау саласындағы инвестициялық жобаларды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру бойынша денсаулық сақтау саласындағы ұлттық оператордың өкілеттіктерін жүзеге асыру болып табылады.

20. Қоғам қызметінің негізгі мәні денсаулық сақтау саласындағы, оның ішінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жөніндегі қызметті жүзеге асыру болып табылады.

21. Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету;
- 2) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 3) жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру, оның ішінде үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін енгізу, отандық және шетелдік мамандарды тарта отырып мастер-кластар ұйымдастыру және шетелдік медициналық ұйымдарда тағылымдамадан өту;

22. Қоғамның негізгі функциялары болып табылады:

- 1) Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникаларын құру және олардың жұмыс істеуі;
- 2) Денсаулық сақтау объектілерін жобалау, салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау және оларға қызмет көрсету мақсаттары үшін инвестициялар мен қарыз алу қызметін жүзеге асыру;
- 3) Денсаулық сақтау саласындағы жобаларды іске асыру, оның ішінде инвестициялық жобалар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары;
- 4) Денсаулық сақтау объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау және оларға қызмет көрсету жобалары бойынша, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік және концессия жобалары бойынша жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыру;
- 5) Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдарына және денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарына инновациялық медициналық технологияларды сынақтан өткізу, енгізу және трансфертін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру;
- 6) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулер жүргізуге қатысу;

5. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

23. Қоғамның құқығы:

- 1) Жалғыз акционер мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады;

Жалғыз

2) зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтардың иесі болу, сондай-ақ лицензиялық шарттар (келісімдер) негізінде зияткерлік меншік объектілерін пайдалануға;

3) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иеленуге, сотта талапкер немесе жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкілдіктер құруға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін бағалы қағаздарды шығару, шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға;

7) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық және шетел валютасында шоттар ашуға, сондай-ақ иелігіндегі уақытша бос ақшаны қаржы құралдарына орналастыруға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теңгемен және шетел валютасымен қарыздар мен кредиттерді алуға және пайдалануға;

9) ішкі нормативтік құжаттаманы әзірлеуге және бекітуге;

10) оның жарғылық мақсаттарына сәйкес болғандықтан ғана кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

24. Қоғам міндетті:

1) жыл сайынғы тәуелсіз аудит жүргізуді қамтамасыз етуге;

2) Қоғамда медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша азаматтар мен денсаулық сақтау ұйымдарының шағымдары мен өтініштерін қарауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындайды;

6. Қоғамның акциялары

25. Қоғам жай акциялар бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді.

26. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында жай акциялар ғана шығаруға құқылы, оның кірістері Қоғамды дамытуға пайдаланылады.

27. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Жай акцияларды шығару шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

28. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді.

29. Қоғамның акцияларын орналастыру(сату), оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды

Қазақ

орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

7. Қоғам органдары

30. Қоғам органдары:

- 1) жоғары органы – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы органы – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

31. Қоғамды басқару процесінде туындайтын қатынастар, оның ішінде Қоғамның Жалғыз акционері мен органдары арасындағы, Қоғам органдары, Қоғам және мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның корпоративтік басқару кодексімен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

8. Жалғыз акционер

32. Қазақстан Республикасының заңдарымен және/немесе осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер дербес немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жалғыз акционердің тиісті ережесіне сәйкес шешімдері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша қабылданатын мәселелерді қоспағанда, осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар Жалғыз акционердің лауазымды адамы қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

33. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару жөніндегі шығыстарды Қоғам көтереді.

34. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.

35. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары және атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Жалғыз

36. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат Жалғыз акционердің өкілі болып табыла ма және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табыла ма көрсетілуі тиіс.

37. Басқарма Жалғыз акционер шешімдерінің көшірмелерін сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

38. Жалғыз акционер құқылы:

1) АҚ туралы Заңында және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Жалғыз акционер белгілеген тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

3) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

4) АҚ туралы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде Қоғамның лауазымды адамдарының алған пайдасын (табысын) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салумен жүгінуге және сұрау салуда белгіленген мерзімде, бірақ Қоғамға сұрау салу түскен күннен бастап отыз күннен кешіктірмей дәлелді жауаптар алуға;

7) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

8) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамның аудитін жүргізуін талап етуге;

9) Қоғам таратылған кезде мүлікке;

10) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын мәселелер тізбесіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

11) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін болдырмауға;

12) егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылданған Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сотта даулауға.

Осы тармақта көзделген Жалғыз акционердің құқықтары түпкілікті болып табылмайды. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.

39. Жалғыз акционер:

1) акцияларды төлеу;

2) 10 (он) күн ішінде Қоғамның тіркеушісін және Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

Қолы

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауы тиіс.

40. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі Қоғамның Жалғыз акционерінің осы Жарғының 39-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

41. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) жарияланған акциялардың санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) Қоғам Басқармасының Төрағасын сайлау, өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және оларға тәртіптік жаза қолдану;

7) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

9) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

10) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту;

11) Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

12) АҚ туралы Заңына сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту және оған өзгерістер енгізу;

13) акционерлердің жалпы жиналысың күн тәртібін бекіту;

14) нәтижесінде оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп проценті сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп процентін құрайтын Қоғам мүлкін сатып алу немесе иеліктен шығару бойынша ірі мәміле құру туралы Қоғаммен шешім қабылдауы.

15) шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ішкі құжаттамамен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

42. Осы Жарғы 38-тармағының 11) тармақшасында, 41-тармағының 1), 5), 9) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша, сондай-ақ Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою бойынша шешімдерді Жалғыз акционер мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша қабылдайды.

Қашғар

9. Қоғамның Директорлар кеңесі

43. Қоғамның Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын қоғам органы.

44. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақылар төленеді және олардың Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстар өтеледі. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз Акционердің шешімімен белгіленеді.

45. Қоғамның Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

46. Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындау;
- 2) акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның даму жоспарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 4) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау;
- 5) Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық құрамын құру және белгілеу, комитеттердің өкілеттік мерзімін белгілеу, комитеттердің төрағасы мен мүшелерін сайлау, олар туралы ережелерді бекіту;
- 6) Жалғыз акционерге Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың мөлшері, оны анықтау тәртібі және төлеу шарттары бойынша ұсыныстар дайындау;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің атқарған жұмысы туралы есебін қамтитын Қоғамның жылдық есебін бекіту;
- 8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау және ол туралы ережені бекіту, Басқарма Төрағасын қоспағанда, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 10) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма ұсынған есептер жолымен Қоғам Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асыру;
- 11) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау және ол туралы ережені бекіту, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

Қазақстан

12) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу және ол туралы ережені бекіту, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту, оның ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

14) Орталық аппарат және оның филиалдары және/немесе өкілдіктері қызметкерлерінің ұйымдық құрылымын, лауазымдық айлықақыларының схемасын, штат санын бекіту;

15) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру;

16) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Директорлар кеңесі туралы ережені және Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда);

17) Қоғамның есептік саясатын бекіту;

18) Қоғам тәуекелдерін басқару жүйесінің тиімділігін бағалау және сақталуын қамтамасыз ету және Қоғам тәуекелдерін басқару жүйесін реттейтін құжаттарды бекіту;

19) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне талдау жүргізуді қамтамасыз ету және Жалғыз акционерге атқарылған жұмыс туралы есеп беру;

20) Қоғам қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарын, Қоғамның даму жоспарын іске асырудың қол жеткізілген нәтижелері туралы есептерді қарау;

21) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

22) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

23) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

24) Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала мақұлдау;

25) ірі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау, және осы Жарғының 41-тармағының 14-тармақшасына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері қабылдаған ірі мәмілелерді қоспағанда, қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасау

26) Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

47. Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысына сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

48. Осы Жарғының 46-тармағында белгіленген тізбедегі мәселелер Басқармаға шешу үшін жіберілмейді.

Жаппар

49. Қоғамның Директорлар кеңесі толық көлемде және уақытылы Қоғам Басқармасынан және Қоғамның Ішкі аудит қызметінен/Аудиторынан ақпарат, түсіндірмелер мен түсініктемелер алуға құқылы.

50. Жалғыз акционерге ұсынылатын Қоғамның қызметі туралы жылдық есептің құрамында Директорлар кеңесі өткен жылы атқарылған жұмыс туралы есеп береді. Бұл ретте осы Жарғының 57-тармағында көзделген Директорлар кеңесінің құрамы туралы ақпарат, Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіз деп танылу себептері (өлшемдері), сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіз деп танылуына ықпал етуі мүмкін қатынастар мен мән-жайлардың болуы және жылдық есептің құрылымына сәйкес өзге де ақпарат міндетті түрде ашылады.

10. Қоғамның директорлар кеңесін сайлау

51. Қоғамның Директорлар кеңесі Жалғыз акционер сайлайтын төрағадан және мүшелерден тұрады.

52. Директорлар Кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

1) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалардың;

2) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылмаған және Қоғамның акционері болып табылмайтын жеке тұлғалардың.

53. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

54. Басқарма Төрағасынан басқа, Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

55. Директорлар кеңесіне кандидаттар және Директорлар кеңесінің жұмыс істеп тұрған мүшелері өз міндеттерін орындау және Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның мүддесінде Қоғамның барлық Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, жағымды жетістіктері және іскерлік және салалық ортада мінсіз беделі болуы тиіс.

56. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар Кеңесінің Төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары (Басқарма төрағасының орынбасары), бас бухгалтері болып табылған жағдайда. Аталған талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

Жалғыз

57. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адамды құрауы тиіс, олардың кемінде 30 (отыз) проценті Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері болуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшесі тәуелсіз деп танылады, егер ол:

1) Қоғамның лауазымды тұлғаларына бағыныштылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныштылықпен байланысты емес;

2) Қоғамның аудитору болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болмаған;

3) аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған;

4) мемлекеттік қызметші емес.

58. Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері өздерінің кәсіби білімдері мен іскерліктерін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

11. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

59. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Қоғамның директорлар кеңесін қатарынан 6 (алты) жылдан артық мерзімге сайлау мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Бір тұлға қатарынан 9 (тоғыз) жылдан астам Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бірақ бұл ретте мұндай тұлғаны Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын өткізілуі тиіс.

60. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді.

61. Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

62. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату оның Қоғамның Директорлар кеңесіне жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

63. Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде құқылы:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырыстарына, Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің бекітілген күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;

Жалғыз

4) белгіленген тәртіпте Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

5) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Қоғамның құпия және/немесе коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты алу, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;

6) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;

7) Қоғамның Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

8) мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерін қоспағанда, сыйақы алу, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты шығындарды (шығыстарды) өтеу құқығы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға.

64. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде қамтылған талаптарды, адамгершілік қағидаттарды және Жалғыз акционер мен тұтастай Қоғам мүддесіндегі іскерлік этика ережелерін сақтай отырып, адал, парасатты және әділ әрекет етуге;

2) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты оған белгілі болған Қоғам туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамда жұмыс тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде сақтау;

3) қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның жай-күйіне мониторинг жүргізу және қоғамның басқа органдарымен және лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланыс жасауға;

4) олар мүшелері болып табылатын Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және жұмысына қатысуға;

5) өзінің болмауының себептерін көрсете отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлау;

6) Қоғамның Директорлар кеңесімен оны басқа акционерлік қоғам органдарына сайлау немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдау мүмкіндігін келісуге;

7) Қоғамның Директорлар кеңесіне 2 (екі) жұмыс күні ішінде нәтижесінде Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі осындай болуын тоқтататын жағдайлардың өзгеруі туралы хабарлауға.

12. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы

65. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Қолданба

Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

66. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады, оларға төрағалық етеді, отырыстарда осы Жарғыда белгіленген тәртіппен зағтама жүргізуді ұйымдастырады.

67. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

68. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Қоғамның Директорлар кеңесіне басшылық ету үшін жауапты болады, оның жауапкершілік саласының барлық аспектілері бойынша оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді, Қоғамның Жалғыз акционерімен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

3) Қоғам атынан Қоғам Басқармасы төрағасымен Қоғам Басқармасы Төрағасының материалдық көтермелеуі мен жауапкершілігінің қызмет нәтижелеріне және даму жоспарының орындалуына, Қоғам қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарына қол жеткізуге тікелей тәуелділігін көздейтін еңбек шартын жасасады;

4) Корпоративтік хатшымен бірлесіп белгіленген тәртіппен күн тәртібін дайындауды ұйымдастырады, оны Қоғамның Директорлар кеңесі отырыста бекітеді;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің дұрыс және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

6) Қоғамның Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындау тиімділігін, оның ішінде отырыстардың тұрақтылығы мен жиілігін бақылайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

13. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

69. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша не талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Ішкі аудит қызметінің;

3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Қоғамның Жалғыз акционерінің.

70. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі мен белгіленген тәртіппен келісілген тиісті материалдары бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

71. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан негізсіз бас тартқан немесе өзге де себептер болған жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Қазақ

72. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы шақыру туралы талап түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

73. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

74. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын беріледі.

75. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына оның қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

14. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы

76. Қоғамның Директорлар кеңесі жылына кемінде 4 (төрт) рет отыруы тиіс.

77. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін Кворум Қоғамның Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және олардың жазбаша түрде берілген дауыстары (аралас дауыс беру) болған кезде Қоғамның Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін есепке ала отырып айқындалуы мүмкін.

78. Егер қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығаруға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

79. Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Қоғамның директорлар Кеңесі төрағасының немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

80. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

81. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

82. Сырттай дауыс беру Қоғамның Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша нысанда ұсынылады және дауыс беруге қойылған нақты және бір мәнді тұжырымдалған мәселелерді қамтиды.

Чайка

83. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды. Директорлар кеңесі сырттай отырыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

84. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, хаттамамен ресімделеді. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің төрағасы және Корпоративтік хатшы қол қояды.

85. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірмей осы шешім шығарылған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

86. Қоғамның Директорлар кеңесінің ішкі тәртібінде өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны Корпоративтік хатшы жасайды және отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қол қояды және келесілерден тұрады:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырысының күн тәртібіне;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің атаулы дауыс беру нәтижелері;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

87. Ерекше жағдайларда Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының екі нысаны үйлесуі мүмкін. Бұл бір немесе бірнеше Директорлар (30% - дан артық емес) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі жоқ жағдайға қатысты. Бұл ретте Директорлар кеңесінің жоқ мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша нысанда ұсынуы тиіс.

88. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын қоса алғанда, Корпоративтік хатшыда сақталады және олар қабылданған сәттен бастап 2 (екі) жыл өткеннен кейін белгіленген тәртіппен Қоғамның архивіне беріледі. Корпоративтік хатшы мұндай құжаттардың Қоғам архивіне берілгенге дейін сақталуына жауапты болады.

89. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе АҚ туралы Заңында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қоғамның директорлар Кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

Қашир

15. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері

90. Аса маңызды мәселелерді қарау және Қоғамның Директорлар кеңесіне қыныстар дайындау үшін қоғамда Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құрылады.

91. Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша;
- 6) корпоративтік қайшылықтарды реттеу;
- 7) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

92. Осы тармақта санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін

93. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына 91 - тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері болып табылады.

94. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

95. Комитеттердің қызметі комитеттің құрамы, құзыреті, мүшелерін сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі туралы, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін құжаттармен реттеледі.

16. Қоғам Басқармасы

96. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасауды алқалы атқарушы орган - Қоғамның Басқарма төрағасы басқаратын Басқарма жүзеге асырады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

97. Басқарма Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

98. Басқарма төрағасын қоспағанда, Қоғам басқармасының мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

99. Қоғамның қызметкерлері Қоғам Басқармасының мүшелері бола алады.

100. Қоғам Басқармасының мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерді орындау кезінде адал әрекет етуге және Қоғамның және Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін барынша жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалануға тиіс.

Қашық

101. Қоғам Басқармасының мүшелері құқылы:

- 1) Қоғам Басқармасының құрамында әрекет ете отырып, Қоғамның ағымдағы қызметін басқару жөніндегі мәселелерді шешуге;
- 2) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты толық көлемде алуға, Қоғамның құрылтай, нормативтік, есептік, қаржылық, шарттық және басқа да құжаттарымен және материалдарымен, оның ішінде Қоғам Басқармасының құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін қажетті аудиторлық қорытындылармен танысуға;
- 3) жоғарыда аталған құжаттардың және Қоғам Басқармасы отырыстарының шартнамаларының көшірмелерін алуға;
- 4) Қоғам Басқармасының жұмыс жоспарына және Қоғам Басқармасы отырысының күн тәртібіне ұсыныстар, сондай-ақ Қоғам Басқармасының жоспардан тыс отырысын шақыру туралы ұсыныстар енгізуге;
- 5) Қоғам Басқармасының шешімдерімен өзінің келіспеуін жазбаша түрде білдіру және оны Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына жеткізу;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеу;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және Қоғам Басқармасы туралы ережемен берілген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

102. Қоғам Басқармасының мүшелері міндетті:

- 1) Қоғам Басқармасының отырыстарына қатысуға;
- 2) Қоғамның Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдері мен тапсырмаларын орындауға, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;
- 3) Қоғам мүддесінде әрекет ету, өз құқықтарын жүзеге асыру және Қоғамға қатысты міндеттерді адал және орынды орындау;
- 4) Қоғам туралы коммерциялық және өзге де құпия ақпаратты жария етпеу;
- 5) өзінің ережесі мен Қоғамның қызметі туралы алынған ақпаратты жеке мүддесінде пайдаланбауға, өзінің ережесі мен олар бар ақпаратты Қоғамның мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, басқа тұлғалардың пайдалануына жол бермеуге.

103. Қоғам Басқармасы мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғам Басқармасы туралы ережемен, сондай-ақ Қоғаммен жасалатын еңбек шарттарымен айқындалады. Басқарма төрағасымен қоғам атынан еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен еңбек шарттарына Қоғам Басқармасының төрағасы қол қояды.

17. Қоғам Басқармасының құзыреті

104. Қоғам Басқармасы:

- 1) Қоғам қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарының тиісті жоспарын, Қоғамның даму жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің шешіміне енгізеді;

Қолтаңба

2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеуді қамтамасыз етеді;

3) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлейді және оларды төмендету бойынша тиісті шаралар қабылдайды, сондай-ақ Қоғамның нормативтік құжаттарына сәйкес тәуекелдерді басқару бойынша есептерді уақтылы дайындауды қамтамасыз етеді;

4) Қоғамның даму жоспарын, Қоғам қызметінің стратегиялық даму бағытының жоспарын іске асыру туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне жыл сайынғы есепті ұсынады;

5) Жалғыз акционерге Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат беру;

6) белгіленген тәртіппен корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асыру;

